

Қазақстан Республикасында темір жол көлігіндегі поездар қозғалысымен тікелей байланысты жұмыскерлерді медициналық қарау ережесін бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің 2006 жылғы 17 мамырдағы N 220 Бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2006 жылғы 13 шілдеде тіркелді. Тіркеу N 4292. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2010 жылғы 30 маусымдағы N 476 бұйрығымен

Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2010.06.30 N 476 бұйрығымен.

"Денсаулық сақтау жүйесі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 7-бабының 22) тармақшасына, "Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 13-бабының 1 және 3 тармақтарына сәйкес, темір жол көлігімен жолаушыларды және жүктерді тасымалдау кезінде қауіпсіздік жағдайын медициналық камтамасыз ету шараларын одан әрі жетілдіру мақсатында **БҰЙЫРАМЫН:** Қараңыз K070251

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасында темір жол көлігіндегі поездар қозғалысымен байланысты жұмыскерлерді медициналық қарау ережесі б е к і т і л с і н .

2. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Мемлекеттік санитарлық-эпидемиологиялық қадағалау комитеті (Белоног А.А.) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігіне мемлекеттік тіркеуге жіберсін.

3. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Ұйымдастыру-құқықтық жұмыс департаменті (Ақрачкова Д.В.) осы бұйрықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткеннен кейін ресми жариялауға жіберсін.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Бас мемлекеттік санитарлық дәрігері - Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі Мемлекеттік санитарлық-эпидемиологиялық қадағалау комитетінің төрағасы А.А.Белоногқа жүктелсін.

5. Осы бұйрық ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

М и н и с т р д і ң

міндетін атқарушы

"КЕЛІСІЛГЕН"

2006 жылғы 21 маусым

Қазақстан Республикасы
Денсаулық сақтау министрінің
міндетін атқарушының
2006 жылғы 17 мамырдағы
N 220 бұйрығымен бекітілген

**Қазақстан Республикасында темір жол көлігінде
поездар қозғалысымен тікелей байланысты жұмыскерлерді
медициналық қарау ережесі**

1. Жалпы ережелер

1. Осы Қазақстан Республикасында темір жол көлігінде поездар қозғалысымен тікелей байланысты жұмыскерлерді медициналық қарау ережесі (бұдан әрі - Ереже) поездар қозғалысымен тікелей байланысты жұмыскерлерді міндетті медициналық қараудан (бұдан әрі - медициналық қарау) өткізу тәртібін белгілейді.

2. Денсаулығының жай-күйі бойынша орындалатын жұмысқа жарамдығын, кәсіби аурулардың бастапқы белгілерін уақтылы айқындау, кәсіби қызметін жүзеге асыруға кедергі болатын ауруларды анықтау және жазатайым оқиғаның алдын алу мақсатында темір жол көлігінде поездар қозғалысымен тікелей байланысты лауазымдар мен қызмет орындарында жұмыс істейтін және орналасатын адамдар міндетті медициналық қараудан өтуге жатады.

Қаралатын адамдардың санаттары

3. Темір жол көлігінде поездар қозғалысымен тікелей байланысты төмендегі жұмыскерлердің санаттары міндетті медициналық қаралуға тиіс:

1) қозғалмалы жабдықтардың жүргізушілері және машинистері: автоторис машинисі (дизель-поезының, мотовоздың, жол машиналарының, тепловоздың, электровоздың, электропоездың), локомотив бригадасының машинист-нұсқаушысы, кран машинисі (краншы), теміржол жүрісіндегі кран машинисі, жол жолғы машинисі, жылжымалы құрамға қызмет көрсету қондырғысының машинисі, дрезина (тиегіш) жүргізушісі, тепловоз машинисінің көмекшісі (тарту аппаратының, электровоздың, электропоездың, жол машиналарының, автотористардың, крандардың), дрезина жүргізушісінің

к ө м е к ш і с і ;

2) диспетчерлер локомотивтік (вагон депосының, локомотив депосының, маневрлік темір жол станциясының, поезд, станция), энергодиспетчері, темір жол станциясының бастығы (станция бойынша ауысым кезекшілігінде тұрған), жүктерді іздеу жөніндегі агент (ЖІА) депо бойынша кезекші (айналым және негізгі деполары, станция бойынша, сұрыптау дөңесі бойынша, темір жол бөлімшесі бойынша, темір жол көлігінің паркі бойынша, разъезд бойынша, орталықтандыру станциялық посты бойынша), ақпараттарды өңдеу жөніндегі оператор, тасымалдау құжаттарын дайындау жөніндегі (жол парақтарын) оператор, вагондар мен контейнерлерге қызмет көрсету және жөндеу жөніндегі оператор, жолдарды өлшеу жөніндегі оператор, қосындарды орталықтандыру жөніндегі оператор, сұрыптау дөңесі жөніндегі оператор, жүк пен багаж қабылдаптапсырушы (поездардағы);

3) бағдаршылар, тіркесшілер, темір жол көлігінің жол машиналары мен механизмдеріне қызмет көрсету мен жөндеу жұмысшылары, жолөтпе бойынша кезекші (бағдаршы постының кезекшісі, басшысын қоса), вагон қозғалысының жылдамдығын реттеуші (басшысын қоса), сигналшы, вагондардың қараушысы, қараушы-жөндеушісі, поездар қабылдаушысы, цистерналарды жуып-булаушы, локомотивтерді техникалық қызмет көрсету пункттарында қараушылар және жөндеушілер (тіркелмейтін жөндеудегі қозғалыс құрамдарымен айналысатындар), бағыттамалы бұрмаларға қызмет көрсетіп жөндеуші, поезд құрастырушысы (көмекшісі), коммерциялық тексеру пунктінің бригадирі, вагон депосының мастері (локомотив депосы, электродепосы, тиеу-түсіру жұмыстарының мастері);

4) темір жол вагондары жолсеріктері, кондукторлары, арнаулы (өндірістік-пайдалану) бөлімшелер басшылары, техник-механиктер: жолаушылар вагондарының жолсеріктері (жүк және арнаулывагондардың ережүрушілері, жұмыс істемейтін жағдайдағы локомотивтер мен жолаушылар вагондарының ережүрушілері, жүк поездарының кондукторы (басшысын қоса), вагондарды (локомотивтерді) қабылдау бойынша инженерлер, вагондарды (локомотивтерді) қабылдаушы, қозғалыс қауіпсіздігі бойынша ревизорлар (темір жол бөлімшесі қозғалысы бойынша), вокзал бойынша кезекші, вагон, электродепо мастері (локомотив депосының, вагон депосының, қалпына келтіру, рельс дәнекерлеу поезінің), техникалық қарау пунктінің бастығы (пошта және жолтексеру вагондарының), поезд бастығы (қалпына келтіру, жолаушылар, рефрижератор), вагон-ресторан бастығы (директоры), қайта тиеу машинасының механигі, поезд э л е к т р м е х а н и г і ;

5) темір жол көлігінің жол машиналары мен механизмдеріне қызмет көрсету мен жөндеу бойынша жұмысшылары: жолдар мен жасанды құрылыстарға

ағымдағы қызмет көрсету және жөндеу бойынша бригадир (босатылған), айналым шеңберінің моторисі, бақылау-өлшеу вагондарының жөндеушісі, жолдар мен жасанды құрылыстарды аралаушы; жол машиналарын және механизмдерін жөндеуші, дефектоскоп арбасының операторы (жол өлшеулері бойынша), дефектоскоп арбасы операторының көмекшісі, жол монтері, электрогаз дәнекерлеуші, жылжымалы құрамды жөндеудегі электрогаз дәнекерлеуші, автоматты және жартылай автоматты машиналардағы электр дәнекерлеуші (темір жолдарда жұмыс істейтін), қолмен дәнекерлеу электр дәнекерлеуші (темір жолдарда жұмыс істейтін), жол мастері, басшысын қоса (көпір, тоннель, машиналар мен механизмдерді пайдалану және жөндеу бойынша) , жол машиналары мен механизмдерін жөндеу жөніндегі слесарь, жол машинасы (жол учаскесі) бастығы, темір жол-құрылыс машиналарын пайдалану қызмет көрсетумен айналысатын инженерлер);

б) желілік құрылыстар мен байланыстың станциялық жабдығына қызмет көрсету мен жөндеу бойынша жұмысшылар, мамандандырылған бөлімшелер басшылары: өндіріс учаскесінің бастығы, байланыс аппаратурасы мен құрылғысына қызмет көрсету және жөндеу бойынша электр механигі (бастығын қоса), (сигнализация, орталықтандыру және бұғақтау құрылғысына, электрмен камтамасыздандыру аралығына), аспаптарды жөндеу жөніндегі (поездағы қызып кеткен букстар) электр механигі, байланыс аппаратурасы мен құрылғысына қызмет көрсету және жөндеу бойынша электр монтері (сигнализация, орталықтандыру және бұғақтау құрылғысына), компрессорлық қондырғы машинисі.

3. Медициналық қарау тәртібі

4. Медициналық қарауды денсаулық жағдайы бойынша кәсіби жарамдылығын бағалау жөніндегі медициналық қызметті жүзеге асыруға лицензиясы бар емдеу-алдын алу ұйымдарының дәрігерлік-сараптау (медициналық) комиссиялары (бұдан әрі - ДСК) мен Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің еңбек гигиенасы және кәсіби аурулар ғылыми орталықтары (бұдан әрі - Орталықтар) жүргізеді.

5 . Д С К :

1) өз қызметінде осы Ережені және денсаулық сақтау саласындағы және темір жол көлігіндегі басқа да нормативтік құқықтық актілерді басшылыққа алуы;

2) медициналық және дәрігерлік қызметті жүзеге асырушы адамдарға қойылатын тиісті біліктілік талаптарға сәйкес мамандармен камтамасыз етілуі;

3) қажетіне қарай, психоневрологиялық, наркологиялық диспансерлерден және оның тұрғылықты жеріндегі емханадан медициналық қарауға жіберілген

адам туралы мәліметтер сұрауға;

4) емдеу-алдын алу ұйымының әкімшілігі бекітілген кесте бойынша тұрақты қызмет етуге және белгіленген уақытта жұмыс істеуге;

5) құрамында ДСК жұмыс істейтін медициналық ұйымның мөрі қойылған және ДСК төрағасының, хатшысының қолы қойылған бекітілген поездар қозғалысымен тікелей байланысты жұмыскерлердің кәсіби жарамдылығы туралы толық және негізделген қорытынды беруге;

6) медициналық қараудан өтіп жатқан адамда кәсіби ауруының белгілері анықталған жағдайда, кәсіби жарамдылығы сараптамасының қиын жағдайларында және жұмыскер ДСК қорытындысымен келіспеген жағдайда, оны медициналық құжаттамасынан егжей-тегжейлі үзіндісін бере отырып Орталықтарға жіберуге;

7) жіберілген жұмыскердің медициналық қараудан бас тарту жағдайы туралы темір жол көлігіндегі ұйымды хабардар етуге;

8) жыл сайын, темір жол көлігіндегі санитарлық-эпидемиологиялық қызметтің мемлекеттік органдарымен, темір жол көлігіндегі ұйымы әкімшілігінің және кәсіподақ комитетінің өкілдерімен бірлесіп, медициналық қарау нәтижелерін қорытып және осы Ереженің 1-қосымшасына сәйкес нысан бойынша қорытынды акт жасауы тиіс.

6. ДСК-ның жұмысына қатысушы мамандардың құрамы қаралатын адамның кәсіби жарамдылығын анықтау және оның денсаулығының жай-күйі бойынша толық, кешенді бағалау үшін жеткілікті болуы тиіс.

Медициналық көрсетімдер бойынша қажетті зертханалық, құрал-сайманды және функционалдық зерттеулер тізбесін ДСК мамандары белгілейді.

7. Осы Ереженің 3-тармағында көрсетілген адамдарды кезекті медициналық қарауға жіберуді темір жол көлігіндегі ұйымының әкімшілігі жүзеге асыруға тиіс.

Медициналық қарауға жіберіліп отырған адамдарға осы Ереженің 2-қосымшасына сәйкес нысан бойынша Медициналық қарау картасы толтырылуға тиіс.

8. Медициналық қарау картасы темір жол көлігіндегі ұйымның кадрлар бөлімінде тұрақты сақтауда болуы тиіс.

9. Өткізілген клиникалық, құрал-сайманды, зертханалық, функционалдық зерттеулер туралы мәліметтерден тұратын медициналық қарау деректері, дәрігер-мамандардың қорытындылары, медициналық қарау нәтижелері, еңбек кепілдемелер осы Ереженің 3-қосымшасына сәйкес нысан бойынша Жеке медициналық картаға енгізіледі, ол медициналық қарау өткізген ДСК іс-қағаздарында сақталатын.

10. Медициналық қараудан өтпеген немесе осы мамандық (қызмет) бойынша жұмыс істеуге денсаулығының жай-күйі бойынша жарамсыздығы туралы ДСК қорытындысын алған адамдарға темір жол көлігіндегі поездар қозғалысымен тікелей байланысты жұмыс істеуге рұқсат берілмеуі тиіс.

11. Мамандығы және жасын ескере отырып медициналық қарау мынадай мерзімділікпен жүргізілуі тиіс:

1) 3-тармақтың 1), 2) тармақшаларында көрсетілген жұмыскерлердің саннаттары - жасына қарамастан жыл сайын;

2) 3-тармақтың 3), 4), 5), 6) тармақшаларында көрсетілген жұмыскерлердің саннаттары: 40 жасқа дейінгі жастағылар - екі жылда бір рет, 40 жастан асқандар - жыл сайын.

12. Темір жол көлігіндегі поездар қозғалысымен тікелей байланыстағы адамдарды медициналық қарау кезінде ДСК осы Ереженің Қазақстан Республикасының темір жол көлігіндегі қозғалысына тікелей байланысты жұмыстарға іріктеу үшін жалпы және жеке медициналық қарсы көрсетімдердің тізбесі талаптарын басшылыққа алуға тиіс.

13. Кезектен тыс медициналық қарау:

1) ол үшін медициналық көрсетімдердің болуына байланысты жекелеген жұмыскерлер үшін медициналық қарауды жүргізудің жеке мерзімдерін ДСК белгілеу;

2) жұмыскерлердің кезекті медициналық қарау арасындағы кезеңде кәсіби қызметіне әсер ететін аурумен ауыруы;

3) темір жол көлігіндегі ұйымдардың әкімшілігі жұмыскерді денсаулық жағдайына жоғары талап қойылған жұмысқа жіберуі кезінде жүргізілуі тиіс.

14. Темір жол көлігіндегі ұйымның әкімшілігі (меншік нысанына қарамастан):

1) алдағы жылда міндетті медициналық қарауға жататын поездардың қозғалысымен тікелей байланысты жұмыскерлердің тізімін жасауды және 1 желтоқсаннан кешіктірмей темір жол көлігіндегі санитарлық-эпидемиологиялық қызметтің мемлекеттік органдарымен келісуді;

2) осы 3-тармақта көрсетілген, адамдарды медициналық қарауға жіберуді, соның ішінде қатар қажетіне қарай кезектен тыс медициналық қарауды өткізуді;

3) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңына сәйкес міндетті медициналық қараудан өту кезінде жұмыскерлердің жұмыс орны мен орташа жа ла қ ы с ы н ы ң са қ т а л у ы н ;

4) кәсіби жарамдылыққа кезектен тыс медициналық қарау қажеттігі туралы шешім қабылдау үшін поездардың қозғалысына тікелей байланысты жұмыскерлердің ауыруы туралы ДСК-ны уақтылы хабардар етуді (жұмыскердің еңбекке жарамсыздық парағын ұсынғаннан кейін);

5) кәсіби ауруы анықталған немесе оған күдікті адамдарды тереңірек тексеру және сауықтыру үшін Орталықтарға жіберуді;

6) жағымсыз еңбек ету жағдайымен түсіндірілетін аурулармен ауыратын жұмыскерлерді тексеру мен емдеуге жұмсалған Орталықтардың шығыстарын ө т е у д і ;

7) жұмыскерлерді медициналық қарау жөніндегі іс-шараларды орындау барысын жылына бір рет қарауды және еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау мәселелер бойынша темір жол көлігіндегі санитарлық-эпидемиологиялық қызметтің мемлекеттік органдарына ұсынымдар беруді қамтамасыз етуі тиіс.

15. Медициналық қарауды өткізетін емдеу-алдын алу ұйымдарының ә к і м ш і л і г і :

1) осы Ереженің талаптарына сәйкес ДСК қалыптастыруды;

2) бес жылда кемінде бір рет кәсіби жарамдылық сараптамасының мәселелер бойынша ДСК жұмысына қатысатын дәрігерлердің біліктілігін арттыруды;

3) ДСК-ны қажетті медициналық жабдықтармен жабықтауды, олардың үнемі жұмыс істеуін және қызметін бақылауды;

4) есепке алу-есеп беру медициналық құжаттамасын жүргізу тәртібін және с а қ т а у м е р з і м д е р і н ;

5) қажетіне қарай осы медициналық ұйымның мүмкіндігі шегінен шығатын, қосымша зерттеулерді жүргізуге мамандарды немесе денсаулық сақтау м е к е м е л е р і н т а р т у д ы ;

6) темір жол көлігіндегі ұйым жұмыскерлерін медициналық қараудан өткені туралы мәліметтерді темір жол көлігіндегі санитарлық-эпидемиологиялық қызметтің мемлекеттік органдарына жылына бір рет ұсынуды қамтамасыз етуі тиіс.

16. Темір жол көлігіндегі санитарлық-эпидемиологиялық қызметтің м е м л е к е т т і к о р г а н д а р ы :

1) міндетті медициналық қарауға жататын адамдар контингентін темір жол көлігіндегі ұйымның әкімшілігімен бірлесіп айқындауға;

2) медициналық қарау нәтижелері бойынша еңбек ету жағдайын жақсарту жөнінде ұсынымдар бере отырып қорытынды акті жасауға қатысуға;

3) медициналық қарауға жататын контингенттердің толық қамтылуын сондай-ақ белгіленген мерзімдерде оның уақтылы өткізілуін және сапасын бақылауды жүзеге асыруға тиіс.

Қазақстан Республикасының
темір жол көлігіндегі поездар
қозғалысымен тікелей байланысты
жұмыскерлерді медициналық
қарау ережесіне 1-қосымша

Ұйымда жұмыс істейтіндердің, поездар қозғалысымен тікелей байланысты жұмыскерлердің медициналық қарау нәтижесі бойынша қорытынды акті

темір жол көлігіндегі ұйымның атауы

200__ жылдың " __ " _____

К о м и с с и я к ұ р а м ы :

Дәрігер (дәрігерлік-сараптау комиссиясының төрағасы, кәсіби патолог, терапевт) _____

Темір жол көлігіндегі мемлекеттік санитарлық-эпидемиологиялық органның еңбек гигиенасы бойынша маманы _____

Жұмыс берушінің өкілі _____

Ұйымның кәсіподақ комитетінің өкілі _____

А н ы қ т а д ы :

Медициналық қарауға жататындар

жұмыскерлердің саны

Қаралды (осмотрено) _____ жұмыскерлердің саны

Қараудан өтпегені _____ жұмыскерлердің саны

Себебі (причины) _____

Қ а р а у н ә т и ж е с і :

Поездар қозғалысымен тікелей байланысты кәсіпке және лауазымға жарамды _____

жұмыскерлердің саны

Поездар қозғалысымен тікелей байланысты кәсіпке және лауазымға денсаулығына байланысты жарамсыз _____

жұмыскерлердің саны

Оның ішінде анықталғаны:

кәсіби ауруға деген күдікті адамдар

жұмыскерлердің саны

алғашқы рет жалпы және (болмаса) кәсіби ауруы бойынша мүгедектік алған адамдар _____

жұмыскерлердің саны

денсаулығына байланысты уақытша басқа жұмысқа ауыстыруды керек ететін адамдар _____

жұмыскерлердің саны

денсаулығына байланысты тұрақты басқа жұмысқа ауыстыруды керек ететін адамдар _____

жұмыскерлердің саны (количество работников) стационарлық тексерісті және емделуді керек ететін адамдар _____

жұмыскерлердің саны

санаториялық-шипажайға емделуді керек ететін адамдар _____

жұмыскерлердің саны

Медициналық қарау нәтижесі бойынша комиссия мынандай кешенді іс-шараларды жүргізуді ұсынады: _____

Комиссия мүшелерінің қолдары:

Дәрігер (дәрігерлік-сараптау комиссиясының төрағасы, кәсіби патолог, терапевт) _____

Темір жол көлігіндегі мемлекеттік санитарлық-эпидемиологиялық органның еңбек гигиенасы бойынша маманы _____

Жұмыс берушінің өкілі _____

Ұйымның кәсіподақ комитетінің өкілі _____

Медициналық ұйымның бас дәрігері _____ Мөр орны
Т.А.Ә. _____ Қолы

Санитарлық-эпидемиология қызметтің мемлекеттік органының басшысы _____ Мөр орны
Т.А.Ә. _____ Қолы

Ұйымның басшысы _____ Мөр орны
(жұмыс беруші) _____ Мөр орны
Т.А.Ә. _____ Қолы

Ұйымның кәсіподақ комитетінің
төрағасы _____ Мөр орны

Т.А.Ә. _____ Қолы

Қазақстан Республикасының
темір жол көлігіндегі поездар
қозғалысымен тікелей байланысты
жұмыскерлерді медициналық
қарау ережесіне 2-қосымша

Медициналық қарау картасы

_____ медициналық қарау өткізетін емдеу-алдын алу ұйымның атауы

_____ Жолданып отырған адамның тегі, аты, әкесінің аты

_____ Туған күні _____

_____ Жұмыс орны _____

_____ Жұмысқа орналасушы болмаса осы кәсіп бойынша жұмыс істеуші

_____ қажет емесін сызып тастау

_____ Кәсібі (профессия) _____

_____ Осы кәсібі бойынша жұмыс өтілі _____

_____ Медициналық қарау кезекті, кезектен тыс _____

_____ қажет емесін сызып тастау

_____ Медициналық қарау кезектен тыс болған жағдайда себебін көрсету

_____ Орналасатын кәсібі болмаса лауазымы _____

_____ Алдыңғы кәсібі бойынша жарамсыз болған жағдайда қай кәсіпке болмаса
лауазымға қабылданады (ауыстырылады) _____

_____ Қаралатын адамның қолы _____

_____ Медициналық қарауға жолдап отырған адамның қолы _____

_____ Жұмыскерді жолдаған ұйымның мөрі

_____ Жолдаған күні (дата направления) 200__жылдың "___" _____

ДСК-ның қорытындысы

_____ N___ бұйрықтың тармағы бойынша қаралатын кәсіпке болмаса лауазымға
жарамды, жарамсыз _____

_____ Қызметтік ұсыныстар _____

_____ Қай кәсіпке болмаса лауазымға жарамды _____

Кезекті медициналық қарау мерзімі _____

ДСК-ның төрағасы _____

тегі, аты, әкесінің аты, қолы

ДСК-ның хатшысы (секретарь ВЭК) _____

тегі, аты, әкесінің аты, қолы

Медициналық қарау өткізген емдеу-алдын алу ұйымның мөрінің орны

Медициналық қарау аяқталған күн 200__жылдың " __ " _____

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

темір жол көлігіндегі поездар

қозғалысымен тікелей байланысты

жұмыскерлерді медициналық

қарау ережесіне 3-қосымша

медициналық қарау өткізген емдеу-алдын алу ұйымның атауы

№ _____ жеке медициналық карта

Тегі, аты, әкесінің аты _____

Туған күні _____

Жұмыс орны _____

Кәсібі, лауазымы _____

Осы кәсібі бойынша жұмыс өтілі _____

Қай кәсіпке орналасады болмаса ауысады _____

Медициналық қарау алдын ала, мерзімдік болмаса кезектен тыс _____

Медициналық қарауға кім жіберген _____

Қаралатын адамның қолы _____

Алдыңғы кәсібі, жұмыс өтілі _____

Қолы К ү н і Қолы К ү н і Қ о л ы	К ү н і	М а м а н д а р д ы ң қорытындысы Терапевт К ү н і Қолы Невропотолог К ү н і Қолы Хирург К ү н і Қолы К ө з (фотальмолог)	д ә р і г е р і	Қолы К ү н і Қолы К ү н і Қ о л ы	К ү н і
---	---------	---	-----------------	---	---------

Қолы К ү н і Қ о л ы	К ү н і	Қолы Оториноларинголог К ү н і Қолы Гинеколог К ү н і Қолы Басқа мамандардың қорытындысы К ү н і Қолы Рентгенологиялық зерттеулер К ү н і Қолы Зертханалық-диагностикалық зерттеулер К ү н і Қолы Жалпы қорытындысы Орналасатын кәсіпке жарамды, жарамсыз _____ Бұйрықтың тармағы _____ Кезекті медициналық қарау мерзімі _____ Ұсынылатын қызметке орналасу _____ ДСК-ның төрағасы _____ ДСК-ның мүшелері _____ _____	К ү н і
Қолы К ү н і Қ о л ы	К ү н і	Қолы Орналасатын кәсіпке жарамды, жарамсыз _____ Бұйрықтың тармағы _____ Кезекті медициналық қарау мерзімі _____ Ұсынылатын қызметке орналасу _____ ДСК-ның төрағасы _____ ДСК-ның мүшелері _____ _____	К ү н і
Қолы Орналасатын кәсіпке жарамды, жарамсыз _____ Бұйрықтың тармағы _____ Кезекті медициналық қарау мерзімі _____ Ұсынылатын қызметке орналасу _____ ДСК-ның төрағасы _____ ДСК-ның мүшелері _____ _____	К ү н і	Қолы Орналасатын кәсіпке жарамды, жарамсыз _____ Бұйрықтың тармағы _____ Кезекті медициналық қарау мерзімі _____ Ұсынылатын қызметке орналасу _____ ДСК-ның төрағасы _____ ДСК-ның мүшелері _____ _____	К ү н і
К ү н і 200_жылдың " __ " _____	К ү н і	К ү н і 200_жылдың " __ " _____	К ү н і 200_жылдың " __ " _____

Қазақстан Республикасының
темір жол көлігіндегі поездар
қозғалысымен тікелей байланысты
жұмыскерлерді медициналық
қарау ережесіне 4-қосымша

**Қазақстан Республикасының темір жол көлігіндегі
поездар қозғалысына тікелей байланысты жұмыстарға
іріктеу үшін жалпы және жеке медициналық қарсы
көрсетімдердің тізбесі**

Жалпы қарсы көрсетімдер

1. Психикалық көңіл күйдің бұзылуы, мінез-құлықтың бұзылуы және жүйке жүйесінің аурулары

1. Симптоматикалықты қоса алғанда, органикалық, психикалық көңіл-күйдің бұзылуы (ақыл кемдігі, дилерия, ұмытшақтық синдромы белгілерінің барлық түрлері, басқа да ми функциясының бұзылуынан немесе соматикалық аурулардың есебінен жеке тұлғаның мінез-құлқының бұзылуы).

2. Шизофрения, шизотиптік сандырақтау, аурудың басқа да жедел және органикалық емес көңіл күйдің өтпелі бұзылуы.

3. Психоактивті заттарды қабылдауына байланысты көңіл күйдің бұзылуы және мінез-құлықтың бұзылуы (созылмалы маскүнемдік, дипсомания, нашақорлық, психоактивті заттарды теріс пайдалану).

4. Көңіл күйдің қобалжуы (психикалық симптоммен елігуі, биполярлық, рекурентті депрессивтік және басқа да тұрақты аффекті қобалжулар).

5. Күйзеліске байланысты невротикалық және соматоформалық қобалжулар (жүйкесі жұқару, фобиялық және басқа мазалану, обсессивті-компульсивтік, диссоциативтік, сомативтенген, ипохондритивтік, жарақат алғаннан кейінгі бейімделудің нашарлауына әкеліп соғатын стресстік қобалжулар және басқалар).

6. Физиологиялық өзгерісі мен дене факторларына (этиологиялық органикалық емес ұйқының, тамақ қабылдаудың бұзылуы, невротикалық қобалжуға байланысты жыныс қызметінің бұзылуы, босанғаннан кейінгі психоз және басқалар) байланысты мінез-құлық синдромы.

7. Кемел жастағы жеке тұлғаның өзіндік және мінез-құлқының бұзылуы (жеке тұлғаның бас миының зақымдануына немесе ауруына қатысы жоқ параноидтық, шизоидтық, диссоциалдық, есіріктік, басқа да ерекше және аралас тұрақты өзгерісі).

8. Ақыл кемдігі. Альцгеймер, Пик аурулары және басқа орталық жүйке жүйесінің дегенеративті аурулары.

9. Орталық жүйке жүйесінің созылмалы қабыну аурулары (энцефалит, менингоэнцефалит, ми қабығының қабынуы, жұлынның қабынуы, ми мен жұлынның қабынуы) және оның неврологиялық зақымы бар зардаптары.

10. Бас миы мен жұлынның зақымдануы, цереброваскулярлық аурулар, синингомиелия, миелопатия және басқа да орталық жүйке жүйесінің органикалық өзгерістері бар аурулары және де оның неврологиялық зақымымен ерекшеленетін зардаптары (мидағы қан құйылуы, ми инфаркті, сал белгісі, жүре пайда болған сумилық, қаңқа ішіндегі қатерсіз гипертензия, церебралдық ісік,

энцефалопатия және басқалар). Церебралды сал ауруы, ми мен жұлынның жаңадан пайда болған түзінділері.

11. Негізінен орталық жүйке жүйесін зақымдайтын жүйке семуі (Гентингтон ауруы, тұқым қуалайтын атаксия, арқа бұлшық етінің семуі, осыған ұқсас синдромдар).

12. Қимылдың экстрапирамидалдық және басқа да өзгерістері (Паркинсон ауруы, қайталанған паркинсионизм, базалық ганглийлердің басқа да дегенеративтік аурулары; идиопатиялық дистониялар, эссенциалдық тремор, миоклонус, хорей және басқалар).

13. Ұмытшақтық және басқа орталық жүйке жүйесінің демиелендік аурулары.

14. Эпизодтық және пароксизмдік қобалжулар (таралмаған және дамитын идиопатиялы қояншық ауруы, симптомаикалық қояншық ауруы, қояншық ауруының синдром; бастың сақина ауруы және оның асқынуы, ұстамалы транзиторлы церебралдық ишемия және осыған ұқсас синдромдар, цереброваскулярлық аурулар кезіндегі ми тамырының тарылу синдромдары, нарколепсия, каталепсия, есінен танудың басқа түрлері, көру, есту және басқа да қабілеттерінің бұзылуымен қоса жүретін ұстама аурулары).

15. Синапстың және бұлшық еттің жүйке-бұлшық ет аурулары (миастения, бұлшық ет дистрофиясы, миотониялық қобалжу, туа біткен және басқа миопатия).

16. Жекелеген жүйкелердің, жүйке түбіршектері шырмауының зақымдануы және басқа жиі асқынатын, сезу және қимыл функцияларын бұзатын жүйке жүйесінің аурулары және басқалар.

Бөлімге түсініктеме

1-тармаққа энцефалиттік синдромнан кейінгі жүйкенің бұзылуы кірмейді.

2-тармаққа осы тармақ бойынша қарастырылатын аурулар аурудан айығу нысанына, аурудың ағымына, ұзақтығына, диспансерлік есептен шығарылу фактісіне қарамастан жұмыстың барлық түріне даусыз қарсы көрсетімдер болып табылады. Тек жедел жұқпалы, уыттану және басқа да осыған сәйкес соматикалық ауру барысында көңіл күйдің қысқа мерзімді қобалжуы, басқа да ұқсас психоздан кейінгі жағдайы қарастырылмайды. Машинистер, жүргізушілер, олардың көмекшілері мен диспетчерлік-операторлық топтарының қызметкерлері жеке тәртіппен 6 айдың көлемінде бақылауда болғаннан, соматикалық аурудан жазылып шыққаннан, психикалық функциясы толығымен қалпына келгеннен кейін ғана жұмысқа жіберіледі.

3-тармаққа - бұған созылмалы маскүнемдікке жатпайтын алкогольдік мас болу жағдайы жатпайды.

5-тармаққа - фобиялық (қорқу) қобалжу және басқа да мазасыздану жағдайында жұмысқа жіберу (фобияның ерекшелігі мен бағытына және жұмыс талабына байланысты) жеке қарастырылады.

6-тармаққа - ұйқы бұзылуы жағдайында жұмысқа жіберу мәселесі ұйқы бұзылудың түрі мен дәрежесін, кәсібі мен емделу мүмкіндігін есепке ала отырып шешіледі.

Осы тармақ бойынша нақты мамандықпен жұмыс істеуге кедергі жасайтын психикалық дамудың басқа да кейбір қобалжу жағдайлары (сөйлеу және тіл дамуының, оқу машықтарының, моторлық функциясы және басқаларының спецификалық бұзылуы), эмоционалдық қобалжу және балалық, жеткіншек шақтарында пайда болған мінез-құлықтың бұзылуы (жыпық, гиперкинетикалық және стереотиптік қимыл бұзылуы, кекештік, органикалық емес табиғи энурез және басқалар) қарастырылады.

10-тармаққа - органикалық өзгерістер мен орталық жүйке жүйесінің аздаған өзгерістеріне әкелетін баяу түрде қабынатын аурулар кезінде қызметкерлердің кәсіби жарамдылығын сараптау жеке қарастырылады.

Морфологиялық құрылымы мен алған емінің әсеріне қарамай жаңа пайда болған аурулар (түзінділер) жалпы қарсы көрсетімге жатады.

12-тармаққа - осы тармақ бойынша, сондай-ақ мамандығы бойынша жұмысты орындауға кедергі жасайтын: идиопатиялық бет-ауыз (қисаюы) дистониясы, спастикалық мойынның қисаюы, блефароспазм, жүйке тартуының органикалық түрі және кәсібі бойынша жұмыс атқаруға кедергі жасайтын қимылдың экстрапирамидалдық және басқа да өзгерістері қарастырылады.

14-тармаққа - аурудың қызуының көтерілуіне немесе қатты улануына байланысты қысқа мерзімді естен тану жай-күйінен кейін, ұзақ аш болған, дәрі-дәрмек қолданған жағдайда, қан тапсырғанда, басқа да осыған ұқсас жағдайлардан соң невропатологтың қосымша тексеруінен (электроэнцефалографияны жүргізуді қоса алғанда) және көз дәрігерінің консультациясынан кейін жұмысқа жіберілуі мүмкін.

16-тармаққа - дискогенді радикулиттен тиімді хирургиялық ем алғаннан кейін қызметкерлер, поезд жұмысын көмекшісіз жеке атқаратын машинистерден басқа, оепациядан кейін кемінде 6 ай өткен соң жұмысқа жіберіледі.

2. Ішкі аурулар

1. Жалпы медициналық қарсы көрсетімдер баптарына сәйкес ағза мен жүйе функцияларының бұзылуымен ілесе жүретін созылмалы жұқпалы және паразитарлық аурулар (адамның иммундық тапшылығы вирусынан пайда болатын аурулар, бруцеллез, терең микоздар, токсоплазмоз және басқа аурулар).

2. Барлық ағза мен жүйелердің белсенді туберкулезі. Жалпы медициналық қарсы көрсетімдер баптарына сәйкес зақымданған мүшелері функцияларының бұзылуына әкелетін туберкулездің зардаптары (сонымен қатар операциядан кейінгі).

3. Жүректің тоқтауына, жүрек ауруының ауыр түрлеріне, талма және басқа пароксизмалды жағдайларға әкеп соғатын жүректің соғу ырғағы мен қан жүруінің бұзылуы (аритмия, пароксизмалдық тахикардия, экстрасистолия, II-III дәрежелі атриовентрикулярлық блокада, синустық түйіннің әлсіреу синдромы және басқалар).

4. II-III дәрежелі жүрек функциясының жеткіліксіздігі, тромбоэмболияның, жүрек соғуы ырғағының бұзылуынан және басқа пароксизмалды жағдайлардың дамуына байланысты қауіп тудыратын аурулардың асқынуынан пайда болатын миокард, эндокард, перикард ауруларының созылмалы түрлері (жүрек кемістігі, миокардит, кардиомиопатия, эндокардит, рецидивтік және адгезивті-констриктивтік перикардит және басқалар).

5. II-IV функционалды кластағы тұрақты стенокардия, бұрын болған ірі көлемді миокард инфаркті және II-III дәрежелі жүрек функциясының жеткіліксіздігі мен тромбозды, эмболиялы созылмалы ишемиялық ауруларының басқа да түрлері.

6. III сатыдағы эссенциалды (алғашқы) гипертензия (гипертониялық ауру), сондай-ақ II сатылы криз белгісі бар ауыр өтетін гипертензия. Тиісті сатыдағы екінші реттік гипертензия және оның өтуі. Ауыр криздік артериалды немесе криздік емес гипертензия ауруының болуы.

7. Қолқаның аневризмі, аортит.

8. Жиі қабынатын, қан кетуге бейімді өкпенің II-III дәрежелі аурулары (бронхит, интерстициалдық пневмония, саркоидоз, эмфизема, бронхоэктатикалық және өкпенің басқа II-III дәрежелі аурулары). Фиброзды альвеолит. Кенеттен ауырған пневмоторакстан кейінгі күй.

9. Ауыр немесе жиі және жеңіл түрде ұстайтын бронха демікпесі, II-III дәрежедегі өкпе функциясы жеткіліксіздігінің кез келген түрі, гармональды тәуелді түрі.

10. Ас қорыту мүшелерінің созылмалы ауруларының (асқазан мен ішектің жара аурулары, энтерит, энтероколит, жаралы колит, Крон ауруы, холангит, холецистит, панкреатит, гепатит және басқалар) жиі асқынатын, қан кетуге бейімді, ауыр ауруларға әкелетін түрлері. Бауыр циррозы.

11. II-III дәрежелі бүйрек ауруларының созылмалы гломерулярлық және тубоинтерстициалдық аурулары (азотты шлактардың тұрақты, тіпті аздап көбеюі).

12. Эндокрин мүшелерінің ауыр өтетін және теңгерілмеген аурулары (көру қабілетінің бұзылуымен байланысты акромегалиясы, Иценко-Кушинг ауруы, гипопитуитаризм, қант емес диабеті; көзге, жүйке, жүрек-қан тамырлары жүйесіне, бүйрекке залалды қант диабетінің I (инсулинге тәуелді) - II түрлері немесе ауыр жағдайда өтетін түрі (гипогликемия, кетоацидоз); гиперинсулизм және басқа ұйқы безінің гипогликемиялы ішкі секреторының бұзылуы; II-III дәрежедегі тиреотоксикоз, гипотиреоз, жақын жатқан мүшелер мен тканьдерді қысып тастайтын диффузды және түйінді зоб; гиперпаратиреоз, гипопаратиреоз; феохромоцитома, Аддисон ауруы, гиперальдостеронизм және басқалар).

13. Тамақтану мен зат алмасудың ауыр түрдегі бұзылуы, өкпе және жүрек функциялар жеткіліксіздігінен пайда болатын II-III дәрежедегі семіздік.

14. II-III дәрежедегі буын функциясының бұзылуымен қоса жүретін созылмалы қабынған полиартропатия (ревматоидті және басқа артриттер, подагра және басқа алмасу артропатиялар).

15. Дәнекер тіннің жүйелі түрде зақымдануы, соның ішінде түйінді полиартериит, дерматополимиозит, жүйелі ұмытшақтық және басқалар.

16. Апластикалы және рецидивті аутоиммундық гемолитикалық қан аздығы. Қанның және қан айналымы мүшелерінің туа біткен, асқына бастаған басқа да түрлері. Қан жасаушы және сол тектес тіндерде жаңадан пайда болған қатерлі ісіктер.

17. Қан ұюының, пурпураның бұзылуы және басқа қан кету жай-күйлері.

18. Кәсіптік қызметінде қайталап әсер етуін ескермеу мүмкін болмайтын аллергиядан пайда болған анафилактикалық естен танудан кейінгі жай-күйі.

Бөлімге түсініктеме

3-тармаққа - жүрек соғысы ырғағының белгіленген жүргізушісі - жалпы қарсы көрсетім. Көбіне тәуліктік ЭКГ мониторлағанда анықталатын синустық тыныс алу аритмиясы, бірқалыпты конституционалдық тахи- немесе брадикардия, сирек бір қалыпты кеш пайда болған экстрасистолия, Гис Коронарлық артерияның ангиопластикті шоғырының оң жақ тармағында туа пайда болған орташа блокада поезд жұмысын көмекшісіз жеке атқаратын машинистерден басқа жұмысшылар үшін қарсы көрсетімге жатпайды.

7-тармаққа - коронарлық артерияның ангиопластикасынан, аневризмэктомия және аортапластиктан, жүрек қақпақшаларын протездеу және басқа да жүрек пен қан тамырларына жасалған ауыр операциялардан кейінгі жағдайы - жалпы қарсы көрсетімдерге жатады.

Митралды комиссуротомия, артериялық түтіктерді байлау бойынша жасалған және басқа да кардиохирургиялық жеңіл операциялардан кейін нәтижелі ем

кабылдаған соң басшылар мен инженерлер жұмысқа жіберіледі. Жүрек жарақатын тігу операциясынан кейін ауру асқынбаған және ағзаның атқару функциясы бұзылмаған жағдайда, машинистер мен олардың көмекшілерінен басқа, жұмысшылар жұмысқа жіберіледі. Қайталанған гипертензияның хирургиялық емінен кейінгі жұмысқа жіберу туралы шешім емнің нәтижесі мен аурудан толық жазылып кетуіне байланысты болады.

8-тармаққа - бронхоэктазиялық ауруға байланысты жасалған операциядан кейін поездда жұмысты жеке атқаратын жүргізушілерден басқа қызметкерлер нәтижелі емнен кейін жұмысқа жіберіледі. Ағзаның басқа мүшелерінің саркоидозында сарапшының әдісі кәсіби маңызды функциялардың бұзылуына байланысты болады. Біртіндеп дамиды пневмоторакспен ауырғаннан кейінгі жай-күй дем алу жеткіліксіздігінің бар болуына және ауру санына байланысты жалпы қарсы көрсетім болып табылады.

10-тармаққа - поезд жұмысында жұмысты жеке атқаратын жүргізушілерден басқа, қызметкерлер асқазанның жаралы және басқа ауруларына нәтижелі ем алғаннан кейін жұмысқа жіберіледі. Операция жасалған асқазан синдромы негізгі аурудың нәтижелі емі болып саналмайды және жалпы қарсы көрсетімге жатады.

16-тармаққа - постгемморогиялық және қан аздығы тапшылығы ауруы кезінде кәсіби жарамдылығын сараптау ауыр науқас кезіндегідей. Поезда жұмысты жеке атқаратын жүргізушілерден басқа жұмысшыларда аутоиммундық гемолитикалық қаны аздықтың алғашқы белгілері байқалысымен, олар нәтижелі емделгеннен 6 айдан соң кезектен тыс медициналық тексеру белгіленгеннен кейін жұмысқа жіберіледі. Лейкоциттің генетикалық аномалиясы, отбасылық эритроцитоз қарсы көрсетімге жатпайды. Басқа 5,5 млн. талшықтан аса эритроцитозды полицитемиялар кезінде, мамандар тобынан басқа жұмысшылар 6 айдан жиі емес мерзімде куәландырудың жеке мерзімдерін тағайындағаннан кейін жұмысқа жіберіледі.

Лимфолейкоздың (қаны аздық, қан кету синдромы және үлкен көлемді ісік болмаған жағдайда) жайлы өтуі жағдайында машинистердің кәсіби тобынан басқа барлық мамандықтың қызметкерлері жұмысқа жіберіледі; міндетті медициналық тексерулерді өткізу мерзімдері әркімге жеке тағайындалады.

Ішкі мүшелердің қатерлі ісіктерінің түзілуі - "Хирургия аурулары" бөлімін қараңыз.

3. Хирургиялық аурулар

1. Жалпы медициналық қарсы көрсетімдерге сәйкес кәсіби маңызды функцияларын бұзатын туа біткен ауытқулар мен пішінінің өзгерісі (аяқ-қолдың 6 см қысқаруы, ми жарығы және басқалар).

2. Басқа баптарда көрсетілмеген, кәсіби жұмысына кедергі жасайтын зақымданған мүшелердің тұрақты бұзылулары сипатталатын хирургиялық әрекеттің және жарақаттардың зардаптары.

3. Кәсіби маңызды функциялардың тұрақты бұзылуына әкелетін сүйектің, шеміршектің, аяқ-қолдың ірі буындарының және омыртқаның созылмалы аурулары.

4. Әртүрлі мүшелердің созылмалы іріңді аурулары (пиоторакс, өкпенің, ішкі құрылыстың абцесстері, парапроктит, ішектің, зәрдің жыланкөздері және басқалар).

5. Өңештегі тыртықты өзгерістер, асқынған немесе функцияны бұзған диафрагмалық жарықтар, симптомды дивертикулез, полипоз және ас қорыту мүшелеріндегі қатерсіз түзінділер.

6. Түрлі жердегі жарықтар.

7. Қатты ауырумен сипатталатын және асқынған өт тасы мен зәр тасы аурулары (созылмалы халангит, реактивті панкреатит, холецистит, пиолионефрит және басқалар).

8. Зәр ұстамайтын және зәр мен нәжістің тоқтап қалуына әкелетін ас қорыту, зәр шығару мүшелерінің және бүйрек үсті безінің созылмалы аурулары.

9. Шет аортаның стенозды атеросклерозы, Бюргер ауруы, Рейно синдромы. Аневризмдер және басқа тамыр қабырғаларын жарып жіберу қаупі бар аорта аурулары. Созылмалы вена жеткіліксіздігінен аяқ веналарының варикозды кеңеюі. Тромбофлебит, тромбоэмболикалық аурулар. Асқынған геморрой (геморройдалды түйіндердің тромбозы, қан кету).

10. Түрлі органдардағы қатерлі жаңа түзінділер.

Бөлімге түсініктеме

3-тармаққа - машинистер мен машинистердің көмекшілерінен, вагон тексерушілерден, вагон қозғалысының жылдамдығын реттеушіден, тексеріп шығушылардан, жол монтерларынан басқа қызметкерлер қол-аяқ функциясын ортопедтік аяқкиіммен түзетуге мүмкіндігі болған жағдайда жұмысқа жіберіледі.

Бас сүйегі мен миға бойлай кірген жарақат немесе операциядан кейін бас сүйегінің кемістігі - неврологиялық, психикалық ауытқулардың болмағанының өзінде жалпы қарсы көрсетімдерге жатады.

Буынның қайталанып таюы мен жартылай таюы кезінде тек нәтижелі ем алғаннан кейін ғана жұмысқа жіберіледі (поезд жұмысында көмекшісіз жеке жұмыс жасайтын машинистерге қарсы көрсетім).

6-тармаққа - қарын қабырғасында асқынбаған жарығы болғанда, оған қатерсіз

, жұмысшыларды жұмысқа жіберу жеке қарастырылады.

9-тармаққа - анық байқалмаған Рейно синдромында жұмысшылар кәсіби маңызды функциялардың бұзылмаған жағдайында жұмысқа жіберіледі (жұмысты жеке атқаратын машинистерге - қарсы көрсетім). Флебэктомиядан кейін кәсібін атқаруға жіберу мәселесі анық вена жеткіліксіздігі мен тромбоэмболия қатерін ескере отырып шешіледі. Өкпе артериясы тромбоэмболиясынан кейінгі жай-күй - жалпы қарсы көрсетілім.

10-тармаққа - ісікті радикалды және нәтижелі емдеген жағдайда (кәсіби маңызды функциялар бұзылмаған және асқынбаған жағдайда), жұмысқа жекелеп жіберу мүмкін. Жұмысқа жіберілген жағдайда кемінде 6 айда 1 рет міндетті медициналық тексеруден өтуі керек.

4. Гинекологиялық аурулар

1. Кистома, эндометриоз, аналық бездегі ісік. Әйелдердің жыныстық мүшелеріндегі анықталмаған түзінділер.

2. Миома және басқа да ауру белгілері бар жамбас мүшелерінің функциясын бұзатын менометроррагиясымен жатыр және әйелдер жыныс мүшелерінің эндометриозы. Жатырдың тез өсетін миомасы. Оқуға түсушілер, талапкерлер мен шәкірттер үшін белгісі жоқ жатыр миомасы жүктіліктің 10 не одан артық мөлшерінде.

3. Жатыр мойынының, жыныс мүшелерінің (ішкіэпителиалды неоплазиясы) III дәрежедегі вульва дисплазиясы.

4. Цервикал арнасының және басқа жерлердің жайылмаған полиптері.

5. Әйелдердің жамбас мүшелерінің қалыптасқан тубоовариалды және гидросальпингсті созылмалы қабынған аурулары. Жыныс мүшесі қабынуының іріңді асқынуы.

6. Жамбас мүшелерінің функциясын бұзатын немесе қан кетумен қоса жүретін декубиталды жаралы әйелдер жыныс мүшелерінің барлық дәрежедегі түсуі (уретроцеле, цистоцеле, ректоцеле, жатыр мен жыныстың толық және толық емес түсуі).

7. Аналық бездердің мено-, метрорагиялық дисфункциясы.

8. Жыныс-қуық және ректовагиналды жыланкөздері.

Бөлімге түсініктеме

3-тармаққа - I-II дәрежедегі дисплазияда ем қабылдау мен міндетті түрдегі медициналық тексеруден өтудің уақыты жеке белгіленгеннен кейін жұмысқа жіберіледі.

4-тармаққа - нәтижелі ем қолданғаннан (сауыққаннан) кейін жұмысқа рұқсат етіледі.

5-тармаққа - нәтижелі ем қолданғаннан (сауығу, ұзақ емделу) кейін жұмысқа рұқсат етіледі.

7-тармаққа - морфологиялық диагностикадан, ем қабылдағаннан және жеке куәландыру уақыты тағайындалғаннан кейін жұмысқа жіберіледі.

8-тармаққа - нәтижелі ем қолданғаннан (сауыққаннан) кейін жұмысқа рұқсат етіледі.

5. Көз аурулары

1. Анофтальм. Көру мүшесі дамуының ауытқулары, көру қабілетін бұзатын қатерсіз жаңа түзінділер.

2. Қабақтың созылмалы рецидивті аурулары, қоян көз (көздің жұмылмауы), көруге кедергі жасайтын протоз. Көз шарасының созылмалы қабыну аурулары.

3. Көздің жас бөлетін бұлшық еттерінің, шырышты қабығының, шелдің, нұрлы қабықтың, бояу клеткаларының және көру қабілетін бұзатын немесе жас ағызатын кірпік бұлшық еттерінің созылмалы аурулары.

4. Көру функцияларын бұзатын катаракты. Афакия.

5. Көру функцияларының бұзылуымен байланысты көру нервінің, мүйізді дененің, тор қабығының, көз шарасы қабығының аурулары.

6. Глаукома.

7. Көз бұлшық еттерінің аурулары. Биокулярлық көруді бұзатын қатарлық.

8. 20 және одан да көп градуустағы кез келген медианада көру өрісінің тарылуы.

9. Түнгі соқырлық.

10. Туа біткен түс анықтау ауытқуларының (ахроматопсия, протанопия, дейтеранопия, "А" типті протаномалия, "А" типті дейтерномалия).

Бөлімге түсініктеме

4-тармаққа - екіжақты артификация - қарсы көрсетім.

6-тармаққа - барлық жұмысқа түсушілерге, машинистер тобындағы поезд жұмысын жеке көмекшісіз атқаратын жұмысшылар үшін қарсы көрсетім. I-топтың басқа жұмысшылары алғашқы операция жасалған бір жақты миотиктарсыз толықтырылған глаукомасымен жұмысқа жіберіледі; 2-6 топтың жұмысшылары бір жақты тұрақты тұрақтанған глаукомамен жұмысқа жіберіледі.

Глаукомасы бар жұмысшылар жыл сайын міндетті түрде медициналық

т е к с е р у д е н

ө т е д і .

7-тармаққа - жұмысқа түсушілер және I-кәсіби топ жұмысшылары мен 6-топ мамандығына оқуға түсушілер (өндіріс учаскесі бастығының қызметінен басқа) үшін қарсы көрсетім.

8-тармаққа - 30 градус төменгі табалдырықта - 2-6 топ кәсіптерінің мамандары үшін қарсы көрсетімге жатады.

9-тармаққа - жұмысқа қабылданушылар мен 1-топтағы мамандықтар жұмысшылары, бағыттама қосыны кезекшісі мен өтпе кезекшісі мамандығына жұмысқа тұрушылар үшін қаракөлеңкеде көру қабілетінің және көздің шағылысуға тұрақтылығының төмендеуі қарсы көрсетім болып табылады.

Қаракөлеңкеде көру қабілетін және көздің шағылысуға тұрақтылығын анықтау кезінде зерттеу әдістемесінде қолданылатын шама болып танылған параметрлер пайдаланылады.

10-тармаққа - жүре пайда болған түс анықтау ауытқулары жұмысқа түсушілер үшін қарсы көрсетім болып табылады, жұмысшылар жұмысқа емделгеннен кейін жіберіледі.

6. Құлақ, тамақ, мұрын аурулары

1. Отосклероз: есту қабілетін жақсартатын операциядан кейінгі жай-күйі.

2. Лабиринтит, лабиринитті фистула, лабиринитті дисфункция. Меньер ауруы және вистибулярлы функцияны бұзатын ішкі құлақтың басқа да аурулары. Топтастырылған және басқа аурулардағы вистибулярлық синдромы.

3. Созылмалы ларингит, склерома, Вегенера грануломатозы (некротикалы респираторлы грануломатоз), қатерсіз жаңа түзінділері, дауыс функциясының бұзылуымен өңештің тыртықты стенозы.

Бөлімге түсініктеме

1-тармаққа - жұмысқа түсушілер үшін қарсы көрсетім, қызметкерлер "Жеке қарсы көрсетімдер" бөлімінің 1-тармағына сәйкес жұмысқа жіберіледі.

7. Тері және жыныс аурулары

1. Буллезды бұзылулар: күлдірек (пемфигус), псафид, герпетиформалық дерматит (Дюринг ауруы).

2. Экзема (жиі қабынатын түрлері); атопиялық дерматит (диффузды нейродерматит) өндірістік химиялық заттардың әсерінен пайда болған және ауыр өтетін аллергиялық дерматит.

3. Толыққанды кәсіби қызметке кедергі жасайтын буын функциясының бұзылуымен болатын ауыр өтетін псориаз (көп таралған) және артропатиялы псориаз Папулосквамозды бұзылулар: жайылған және эритродермиясы бар артропатиялық псориаз.

4. Гангренді пиодермия, басқа да ауыр өтетін созылмалы пиодермия.

5. Тері мен саусақ тырнақтарының микозы, экзема және басқа да терінің ашық жерін зақымдайтын дерматиттар.

Бөлімге түсініктеме

3-тармаққа - артропатиялық псориазбен ауырған жұмысшыны жұмысқа жіберу мәселесі аурудың жайылуын, емнің нәтижесін, жұмысшының кәсібін және буындар функциясының бұзылу дәрежесін ескере отырып шешіледі.

5-тармаққа - жолаушы вагонының жолсерігі мамандығы үшін қарсы көрсетім болып табылады.

Е с к е р т у л е р

Пиодермия, жыныс аурулары, қышыма және басқа жұқпалы және паразитарлық тері аурулары басқа ауыр науқастар тәрізді қаралады, жұмысшыларды жұмысқа қабылдауға рұқсат етілмейді, жұмысшылардың кәсіби жарамдылығын сараптау кешенді ем қабылдағаннан кейін жүргізіледі).

8. Аса қауіпті жағдайда атқарылатын жұмыстарға жалпы медициналық қарсы көрсетімдер

1. Тұрақты ауыр немесе жиі асқынған созылмалы және ұзаққа созылатын психикалық бұзылулар. Ақыл кемістігі, ақыл дамуының тоқырауы, шекаралық психикалық көңіл-күйінің бұзылуы.

2. Алкоголизм, наркомания, токсимания.

3. Эпилепсия, синкопалды жай-күй.

4. Орталық жүйке жүйесінің тұрақты неврологиялық бұзылумен сипатталатын созылмалы органикалық аурулар.

5. Қозғалыс функциясын бұзатын, қосарланып көрінетін, назар кесуімен сипатталатын шет жүйке жүйесінің созылмалы ауруы.

6. Туберкулездің жайылудың барлық түріндегі белсенді нысандары, оның ауырған мүшелері функцияларының бұзылуына әкелетін медициналық қарсы көрсетімдерінің басқа тармақтарына сәйкес келетін салдары.

7. Медициналық қарсы көрсетімдердің басқа тармақтарына сәйкес мүшелер мен жүйе функцияларының бұзылуымен қосарланатын созылмалы жұқпалы

және паразитарлық аурулар (адамның иммунитеті тапшылығының вирусынан туындаған аурулар, бруцеллез, терең микоздар, токсоплазмоз және басқалар).

8. Жоғары градациядағы жүректің қағысы мен өткізгіштігінің бұзылуы (жүректің кезектен тыс жиырылуы, параксизмалды тахикардия, атриовентрикулярды II-III дәрежедегі блокада, синусты түйіннің әлсіздік синдромы және басқалар).

9. Жүрек қағысын бұзатын немесе параксизмалдың дамуына, созылмалы II-IV дәрежедегі жүрек функциясының жеткіліксіздігі болатын созылмалы ишемиялық ауруларының басқа нысандары.

10. II-IV функционалды кластағы тұрақты стенокардия, бұрын ауырған ірі ошақты инфаркт миокарда және II-III дәрежелі жүрек жеткіліксіздігі, жүрек ырғағының бұзылуы болатын басқа ишемиялық аурулардың созылмалы түрлері.

11. III сатыдағы эссенциалды гипертензия (гипертония ауруы), сонымен қатар II сатыдағы ауыр өтетін гипертензия. Тиісті саты мен өту түріндегі қайталанған гипертензия. Ауыр өтетін артериялы гипотензия.

12. Қолқаның аневризмдері, қолқалар.

13. Қан кетуге, II-V дәрежедегі өкпе функциясының жеткіліксіздігіне бейімді өкпенің созылмалы аурулары. Ішкі себептермен пайда болумен өткен пневмоторакс. Бронхы демікпесінің ауыр түрі.

14. Созылмалы рецидивті өтетін қан кетуге бейім асқазан мен аш ішектің жара аурулары.

15. Бауыр циррозы, II-III дәрежелі бүйрек функциясының бұзылуымен болатын белсенді созылмалы гепатит.

16. Бүйрек функциясының III дәрежедегі жеткіліксіздігінен болатын созылмалы гломеруларлы және тубоинтерстициалды аурулар.

17. Инсулинге тәуелді қант диабеті, эндокрин мүшелерінің басқа да ауыр өтетін созылмалы аурулары.

18. Жалғау тіндерінің жүйелі түрдегі зақымдануы. III-IV дәрежедегі буындар функциясын бұзатын полиартропатия; әртүрлі өзгерулер және кәсіби міндетін атқаруға кедергі жасайтын сүйек-бұлшық ет жүйесі мүшелерінің тірек-қимыл функцияларын тұрақты түрде төмендететін басқа да аурулар.

19. Қан өндіру тіндерінің қатерлі аурулары. Қан ұюының бұзылуы, пурпура және басқа геморрагиялық жағдайлар. Апластикалық және гипопластикалық қан аздық, басқа да туа біткен рецидивті және дамиды қан және қан өндіру мүшелерінің аурулары.

20. Туа біткен аномалиялар немесе ағзаның кәсіби маңызды функцияларын бұзатын кейбір мүшенің немесе оның бөлшегінің кейін пайда болған ауытқулары не болмауы.

21. Түрлі мүшелердегі қатерлі жаңа түзінділер.

22. Шет артериялардың айқын стенозды аурулары; аневризмдер және басқа да тамыр қабырғасын жарып жіберу қауіпі бар артерия аурулары. Созылмалы көктамыр функцияларының жеткіліксіздігінен аяқтың көктамырының варикозды кеңеюі. Асқынған тромбофлебит. Тромбоэмболиялық ауру, өкпе артериясының тромбоэмболиясынан өткеннен кейінгі жағдайы.

23. Зәр және нәжіс терең жаралары, әртүрлі текті зәр және нәжіс ұстамау аурулары.

24. Кистомдар, эндометриоз, аналық бездің ісіктері.

25. Миома, жатырдың және басқа жатырдан қан кетумен жыныс мүшелерінің, жамбас мүшелерінің функциясын бұзатын ауыртатын синдроммен сипатталатын эндометриоздары. Тез жетілетін жатыр миомасы.

26. Тубоовариалды түзінділер мен гидросальпингсті әйелдердің жамбас мүшелерінің созылмалы қабыну аурулары.

27. Жатырдан қан кетумен аналық без функциясының бұзылуы.

28. Көру жітілігінің жақсы көретін көзі 0,4-тен төмен және нашар көретін көзінде 0,2-ден төмен рефракциондық немесе органикалық сипаттағы төмендеуі (сфералық түзілуі $+$, $-6,0$ дейін, цилиндрлік $-$, $-3,0$ Д-ға дейін); жұмысшылар үшін осыған сәйкес 0,3 және 0,2 (түзетуімен). Мынадай кәсіптерге жұмысқа қабылданатын және жұмысшылар: машинист, жүргізуші және бульдозердің, жылжымалы электрстанциясының, тиеп-түсіретін машинаның, электро-, авто жүк тиегіштердің машинисінің (жүргізушісі) көмекшісі кәсіптерінің жұмысшылары үшін - осыған сәйкес 0,5 және 0,2-ден төмен (сфералық түзелуі $+$, $-6,0$ Д дейін, цилиндрлік $-$, $-3,0$ Д-ға дейін). Рефракционды операциядан кейін көру жітілігі рұқсат етілетін шекте қалпына келтіру кезінде жұмысқа жіберуі жүзеге асырылады.

29. Жұмысқа түсушілер мен мынадай кәсіптердің жұмысшыларына: машинист, жүргізуші және бульдозерлердің, жылжымалы электрстанцияның, тиеу-түсіру машиналарының, электро-, авто жүк тиегіштердің машинисінің (жүргізушісінің) көмекшісі кәсіптерінің жұмысшылары үшін көру өрісінің кез келген меридианда тарылуы; жұмыстары темір жолға шығуына байланысты тракторшылар мен басқа жүргізушілер үшін - 20 және одан жоғары градуске, одан басқа кәсіптер үшін - 30 және одан жоғары градуске.

30. Түнгі соқырлық.

31. Туа біткен түрлі түсті көру ауытқулары (ахроматопсия, протанопия, дейтеранопия, протаномия, "А" типті дейтераномалия).

32. Екі жақты қарақсыз көз және артифакция (бір жақты қарақсыз көзді интроокулярлы линзамен түзілуі тиіс). Жұмысшылар үшін бір-, екі жақты қарақсыз көзді тек интроокулярлы линзамен түзетуге рұқсат етіледі.

33. Қабақтың, көздің жас бөлетін мүшелерінің, көздің шырышты қабығының, ақ қабықтың, мөлдір қабықтың, нұрлы қабықтың және көру функцияларын рұқсат етілетін шектерден төмен түсірумен немесе тұрақты жас ағуымен немесе цилиарлы дененің созылмалы аурулары.

